

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты,  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшесі  
Б.С. Ізмұхамбетовке

2023 жылғы 5 сәуірдегі  
ДС-33 депутаттық сауалға

### Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Сіздің мемлекеттік сатып алу заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жергілікті тауар өндірушілердің сапалы өнімдерін қолдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта Қаржы министрлігімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төменгі бағасынан сапаның, сондай-ақ жергілікті қамтудың басым болуын көздейтін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң жобасының реттеушілік саясаттың консультативтік құжатымен отандық тауар өндірушілерді қолдау, сондай-ақ сапалы тауарларды сатып алу мақсатында тапсырыс берушіге отандық өнім берушілер өндіретін **бірнеше тауарлардың фирмалық атауларын көрсетуге** мүмкіндік беру көзделген. Қазіргі кезде аталған Заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдармен келісуде.

Өз кезегінде жүнді өңдеу саласын дамыту үшін Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде жаңа кәсіпорындарды салу және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту кезінде жүн жуу кәсіпорындарының шығындарын өтеу көзделген.

Жүн өңдеу кәсіпорындары құрылысының ең жоғары рұқсат етілген құны 868 млн теңгені, кеңейту – 430 млн теңгені құрайды. Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 25 % құрайды.

Сонымен қатар, жүн дайындаушы ұйымдарға мемлекеттік қолдау ретінде

инвестициялық субсидиялау шеңберінде жүн қырку пункттерін, жылжымалы қырку пунктін, қой қыркатын электрлік механикалық құрал-саймандарды (25 %) субсидиялау қарастырылған.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы жануарларының жүнін өңдеу тауарлары Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларының Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және (немесе) өңдеу саласындағы басым жобалар бойынша кредит және қаржылық лизинг берілетін тауарлар тізбесіне енгізілген.

Мемлекеттік бюджеттен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ құралдары арқылы 3% кредиттік мөлшерлеменен жеңіл өнеркәсіптің инвестициялық жобаларын қаржыландыру үшін 50 млрд теңге бөлінді.

**Ә. Смайылов**